

Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланында жанар және жағармай материалдары қызметінің табельдік техникалық құралдарымен және мүлкімен жабдықтаудың заттай нормаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 421 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 24 шілдеде № 11757 тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 29.05.2019 № 484 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы 2005 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабы 4-тармағына және "Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы туралы 2015 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабы 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланында жанар және жағармай материалдары қызметінің табельдік техникалық құралдарымен және мүлкімен жабдықтаудың заттай нормалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 29.05.2019 № 484 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланның Бас қолбасшылығы (Р.Ф, Жақсылықов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Ішкі істер министрінің орынбасары полиция полковнигі Б.Б. Бисенқұловқа және Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланына (Р.Ф. Жақсылықов) жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

полиция генерал-лейтенанты

Қ.Қасымов

Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланында жанар және жағармай материалдары қызметінің табельдік техникалық құралдарымен және мүлкімен жабдықтаудың заттай нормалары

Ескерту. Нормалар жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 15.12.2023 № 904 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Техникалық құралдардың атауы	Түрі, көлемі	Өлшем бірлігі	Бригада	Полк, Әскери оқу орны	Батальон (бөлім құқығында)	Жеке орналасқан бөлініс (батальон / рота)	Авиациялық база (эскадрилья)	Сақтау базасы (жанармай қоймасы)	Пайдалану мерзімі (жылмен)
1	2		3	4	5	6	7	8	9	10
	1 тарау. Отын құю жабдықтары									
1	Электр кондырғысы бар отын тарату колонкасы	2 жеңқұбыр, отынның 2 түрі	дана	2	2	1	-	2	2	5
		1 жеңқұбыр, отынның 1 түрі	дана	4	4	2	-	4	4	5
2	Контейнер типті автотаратқыш станциясы		дана	4	3	2	1	2	1	10
	2 тарау. Айдау құралдары									
1	Мотосорғы кондырғысы (ми)		дана	2	2	1	-	1		10

	нистанция)								2	
2	ПСТ-100x1,5 типті құбырдың шартты диаметрі 100 миллиметр, ұзындығы 1,5 километр далалық қоймалық құбыр	жинақ	-	-	-	-	1	1	20	
3	Ашық түсті мұнай өнімдерінің арналған сорғы	дана	2	2	1	-	2	2	5	
4	Майға арналған қол сорғы	дана	4	4	3	3	4	4	5	
3 тарау. Сақтау құралдары										
1	Темір резервуар	Р-50 метр ³	дана	-	-	-	-	2	4	15
		Р-25 метр ³	дана	4	4	-	-	12	20	15
		Р-10 метр ³	дана	4	4	2	-	20	25	15
		Р-5 (4) метр ³ (және одан аз)	дана	4	4	2	-	4	4	15
2	Темір бөшке	БС-200 литр	дана	20	20	10	8/5	20	20	7
3	Темір канистра	КС-20 литр	дана	20	20	10	10/5	20	20	7
		КС-10 литр	дана	20	20	10	-	20	20	7

4	сынамал арын тасымал дауға арналған ыдыс (У II типті)	дана	2	2	2	1*	4	4	10
5 тарау. Өлшеу құралдары									
1	Мұнай өнімдерінің деңгейін өлшеуге арналған метршток (ұзындық өлшеуіш)	дана	2	2	2	1*	2	2	10
2	Алюминий құймасынан жасалған цилиндрі бар мұнай өнімдері және отын компоненттерінің тығыздығын анықтауға арналған термометр орнатылған ареометр	жинақ	1	1	1	1*	1	1	5
	Салқын датқыш								

1	350 килограммнан кем емес, қол, электрлі немесе аралас жетекті бөшкекө тергіш (транспортер)	дана	1	1	1	-	1	1	15
8 тарау. Қосалқы құралдар									
1	Жанармай құю түтігі	дана	12	9	3	-	12	12	10
2	500 килограммға дейінгі тауар тааразысы	дана	1	1	1	-	1	1	15
3	Шлангілі газтүткі ыш (резервуарларды тазалау кезінде қолдануға арналған сүзу элементі бар ПШ-1, ПШ-2 типті)	дана	1	1	1	1*	1	1	7

Ескертпе: * - Контейнер типті автомайқұю станциясы бар жеке орналасқан бөліністердің жанармай қоймалары жабдықталады